

**"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 13 шілдедегі N 199-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырган "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 6 мамырдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар Тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2006 жылғы 13 шілдедегі  
N 199-ө өкімімен

бекітілген

**"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 6 мамырдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

P/c N	Нормативтік құқықтық кесімдердің атауы	Кесім нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалану келісім-шарты шенберінде қызметін жүзеге асыратын, сол келісім-шарттың талаптарына сәйкес импортталағын тауарлары қосылған құн салығынан босатылатын салық төлеушілердің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (жинақтау), ЭМРМ	(2006 жылғы тамыз
2.	Тіркелген жиынтық салықтың ең төменгі және ең жоғары базалық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (жинақтау), ЭМРМ	(2006 жылғы тамыз
3.				

	Қазақстан Республикасының Үкіметімен "Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу және пайдалану бойынша жасалған концессиялық шарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын занды тұлға, олардың мердігерлері немесе қосалқы мердігерлері әкелетін, импорты қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ (жинақтау), ИСМ, Қаржымині	2006 жылғы тамыз
4.	Қазақстан Республикасының Үкіметімен "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өніраралық электр беру желісін салу және пайдалану бойынша жасалған концессиялық шарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын занды тұлға, олардың мердігерлері немесе қосалқы мердігерлері әкелетін, импорты қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМРМ (жинақтау), ИСМ, Қаржымині	2006 жылғы тамыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК